

ҚР Президентінің Жарлығы Конституциялық реформа жөніндегі комиссияны (Конституциялық комиссия) құру туралы

2026 жылғы 21 қаңтар

Конституциялық реформа бойынша ұсыныстарды тәжйрымдау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Конституциялық реформа жөніндегі комиссия (Конституциялық комиссия) (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Комиссия туралы ереже;
- 2) Комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 21 қаңтар №1157

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 21 қаңтардағы № 1157 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия (Конституциялық комиссия) туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Конституциялық реформа жөніндегі комиссия (Конституциялық комиссия) (бұдан әрі – Комиссия) – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның құрамына Комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасарлары, хатшысы және мүшелері кіреді.

4. Комиссияның төрағасы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы.

5. Комиссияның хатшысы – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі.

6. Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мәслихаттардың төрағалары, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, өңірлердегі қоғамдық кеңестердің, сарапшы және ғылыми қоғамдастықтардың өкілдері кіреді.

2-тарау. Комиссияның міндеті

7. Комиссияның міндеті – Конституциялық реформа бойынша ұсыныстар тәжйрымдау.

3-тарау. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

8. Комиссияның жұмыс органы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппараты.

9. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комиссияның отырыстары оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан кезде заңды күші бар болып саналады.

10. Комиссияның төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылық жасайды, оның отырыстарында төрағалық етеді, Қазақстан Республикасының Президентіне Комиссияның жұмысы туралы баяндайды.

11. Комиссияның жұмыс органы:

1) Комиссияның отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

2) Комиссияның мүшелерін кезекті отырыстың өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді, оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді.

12. Комиссияның мүшелері:

1) талқыланатын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) Комиссияның отырыстарына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатысады.



Көктемгі егіске әзірлік барысы пысықталды

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары-Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен көктемгі егіс жұмыстарын даярлау мен өткізу жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың хабарлауынша, биыл өңірлер әлеуметтік маңызы бар көкөністердің, ең алдымен, картоп пен сәбіздің егіс алқаптарын ұлғайту қажет. Оның айтуынша, өткен жылы картоп егісін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізіліп, ұйымдасқан шаруашылықтардағы егіс көлемі 12,5 мың гектарға ұлғайған.

«Өнім көлемі нарықтағы баға тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты өңірлер түпкілікті егіс құрылымын бекіту кезінде сәбіз егісін ұлғайту міндетін ескеруі қажет», деп атап өтті вице-министр.

Сондай-ақ болжамды егіс құрылымында қарақұмық егіс алқаптарын кезең-кезеңімен ұлғайту көзделген. Биыл оның егісін 10 мың гектарға–101 мың гектарға дейін кеңейту жоспарланып отыр (өткен жылы–91 мың гектар). Өңірлерге белгіленген индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Жүгері егісін кеңейтуге де ерекше назар аударылды. Алаңдардың айтарлықтай ұлғаюы

Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеу бойынша Fufeng Group компаниясының жаңа тік интеграцияланған өнеркәсіптік паркін, сондай-ақ Түркістан облысындағы «Қазкрахмал» ЖШС-ның крахмалды сірне өндіру зауытын шикізатпен қамтамасыз ету үшін қажет.

Жаңа өндірістердің қажеттілігін тек оңтүстік өңірлер есебінен қамтамасыз ету мүмкін еместігі айтылды. Осыған байланысты солтүстіктегі астық егетін үш өңірде жүгері егіс алқаптарын әрқайсысында орта есеппен 15 мың гектарға ұлғайту міндеті қойылды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өз тарапынан Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығымен, Мемлекеттік сорт сынау комиссиясымен бірлесіп, өңірлерге әдістемелік әрі технологиялық қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Бұл солтүстік өңірлердің жағдайына бейімделген өсіру технологияларын енгізу мен сәйкес сорттарды іріктеу бөлігінде жүзеге асырылады.

Қосымша Ауыл шаруашылығы министрлігі жүгері өсіруде практикалық көмек көрсетуге дайын екенін білдірген қытайлық компаниямен кездесу өткізді. Қытай тарапы өз елінің топырақ-климаттық жағдайлары ұқсас солтүстік өңірлерінде жүгері өсіру тәжірибесін бөлісуге, сондай-ақ

осындай жағдайларға бейімделген технологиялар мен сорттарды ұсынуға дайын. Осыған байланысты өңірлерге халықаралық тәжірибені ескере отырып, жүгері егісін кеңейту бағытындағы жұмысты жандандыру ұсынылды.

Сондай-ақ өңірлерде минералды тыңайтқыштарды жөнелту басталғаны айтылды. Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазфосфат» ЖШС-мен биыл аммофостың қосылған құн салығын есептемегендегі тоннасына 254 мың теңге деңгейінде (өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға жоғары) бекітілген баға белгілеу туралы меморандумға қол қойды. Қазір ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен шарттар жасасу мен жеткізу кестелерін келісу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Былтыр көктемгі егіс пен жинау жұмыстарын жүргізуге 7 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өндірушісіне жалпы сомасы 501,5 млрд теңге көлемінде кредит беріліп, 7 млн гектардан астам егіс алқабы қамтылды. Қазір Аграрлық кредит корпорациясы арқылы егіс науқанына 126 фермерге 17 млрд теңге көлемінде қаржыландыру мақұлданды, тағы 235 өндірушінің 76 млрд теңгеге өтінімдері қаралып жатыр.

Астана мен Алматыда пилотсыз таксилер сынақтан өтеді

Елімізде пилотсыз такси қызметін іске қосу бойынша пилоттық жобаның егжей-тегжейі нақтыланды. Бұл туралы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мәлімдеді.

Ведомство бұған дейін Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Көлік министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, сондай-ақ inDrive және Yandex Qazaqstan компаниялары арасында пилотсыз такси жобаларын іске асыру жөнінде екі меморандумға қол қойылғанын еске салды.

Министрліктің мәліметінше, пилоттық жоба үш жылға есептелген және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде арнайы сынақ полигонында технологиялық шешімдерді пысықтау,

сондай-ақ маршруттар мен инфрақұрылым параметрлерін дайындау және тексеру жоспарланып отыр.

Келесі кезеңде Астана және Алматы қалаларында алдын ала келісілген маршруттар бойынша пилотсыз көлік құралдарын қалада пайдалануға кезең-кезеңімен рұқсат беру көзделген. Бұл процесс тұрақты бақылау және мониторинг жағдайында жүргізіледі.

Жол белгілерін орнату, жол таңбаларын сызу, жолаушыларды отырғызу және түсіру аймақтарын ұйымдастыруды қамтитын инфрақұрылымдық дайындық 2026 жылдың I тоқсанына жоспарланған. Алайда қазіргі таңда Астанада пилотсыз көліктерді сынақтан өткізетін нақты көше-жол

желісінің учаскелері әлі бекітілмеген.

Бұл кезеңде пилотсыз автомобильдердің нақты модельдері мен конфигурациялары анықталған жоқ. Жолаушылар сыйымдылығы мен қызмет көрсету форматы пилоттық жобаны дайындау және енгізу барысында нақтыланады.

Пилотсыз таксимен жүру қызын қызмет операторлары нарықтық жағдайларды, пайдалану барысындағы экономикалық параметрлерді, технологиялар мен инфрақұрылымға кететін шығындарды, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып, өздері белгілейді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Балаларға базарлық



50 балалар ойын алаңы салынды

Балаларға—қуаныш, жастарға—спорт, тұрғындарға—жайлы орта! 2025 жылы аудан аумағында 50 балалар ойын алаңы мен воркаут алаңы пайдалануға берілді.

Жаңа алаңдар заманауи талаптарға сай жабдықталып, қауіпсіздік талаптары толық сақталған. Балалардың еркін ойнауына және жастар мен ересектердің спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Заң мен тәртіп

Зорлық-зомбылыққа төзбеушілікті қалыптастырамыз

«Отбасын қолдау орталығы» мекемесі мамандары аудандық почта байланыс торабы қызметкерлеріне тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шарасын өткізді.

талықтың жұмысы жайлы ұнпақ таратты.

Келесі сөз аудандық полиция бөлімінің «Әйелдерді зорлық



лық-зомбылықтың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Жиынды «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің халықпен профилактикалық жұмыс маманы Айжан Манабаева ашып, жиынға қатысушыларға іс-шараның мақсатымен таныстырып, «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің 2025 жылы атқарған жұмысы жайлы айтып өтті. Психологиялық, заңгерлік және т.б. көмек қажет туындаған жағдайда орталыққа жүгінуге болатынын айтты. Ор-

зомбылықтың алдын алу жөніндегі инспекторы, полиция майоры Айжан Манаповаға беріліп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң аясында енгізіліп жатқан өзгерістер мен толықтырулар жайлы айтып өтті. ҚР қылмыстық кодекстің 125 бабы-адамды ұрлау және 125-1 некеге тұруға мәжбүрлеуге қатысты заңға енгізілген өзгертулерді таныстырып өтті.

Қатысушылар тарапынан сұрақтар мен сыныстар айтылып, кері байланыс жасалды.

ТҮНГІ РЕЙД

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу, беймезгіл уақытта ата-ана бақылауынсыз үй-жайынан тыс жерлерде компьютерлік ойынханалар мен мейрамханада болуларына тыйым салу, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге темекі бұйымдары мен спирттік ішімдік сататын кәсіпкерлік нысандарға тосқауыл қою мақсатында, Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен Таукент кентінде кезекті түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылықтар мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қылмыстың алдын алуға және болдырмауға, олардың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шара аудан көлемінде бекітілген кестеге сәйкес жалғасатынын хабарлаймыз! Құрметті ата-ана! Өз балаңыздың өміріне өзіңіз жауапты екеніңізді ұмытпаңыз! Сондықтан әрбір ата-ананың назарына кәмелет жасына жетпеген балаларын қараусыз қалдырмауды, бала тәрбиесімен тұрақты айналысу қажет екендігін ескертеміз!

Мәдениет

Дәстүр және жаңашылдық ордасы

Аудандық орталық кітапханасында «Кітапханалар қызметі: дәстүр және жаңашылдық» атты аудандық семинар өтті.

Аудандық семинарға орталық кітапхана және оған қарасты 21 ауылдық кітапхананың кітапханашылары қатысып, кәсіби тәжірибе алмасты.

Семинарды кітапхана директоры Нұржамал Әбілжанқызы ашып, әріптестерді 2025 жылдың қорытынды есебін сәтті тапсырғандарымен құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

«2025 жыл қорытындысы және даму бағдарлары» тақырыбында кітапхананы дамыту бөлімшесінің басшысы Б.Бекмуратова баяндама жасап, сандық есеп пен кітапхана құжаттарын жүйелі жүргізудің маңызын атап өтті.

Жылдық есеп беру барысында жоғары жауапкершілік танытқан ауылдық кітапханашылар «Ең үздік есеп беруші», «Дерекке адал маман», «Есепке ұқыпты кітапханашы» секілді номинациялармен ма-



рапатталды.

2026 жылға арналған жоспарлар бойынша Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімшесінің басшысы Г.Жонаева талдау жасады.

Құжаттарды өңдеу және жинақтау бөлімшесінің басшысы Ақмарал Нұрболатқызы кітап қорының жай-күйіне тоқталып, әдістемелік бағыт-бағдар берді.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітапханашысы Балнұр Жұмабаева «Кітапхана имиджі: дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі» тақырыбында мазмұнды баяндама ұсынды.

Семинар қорытындысында қатысушыларға жан-жақты әдістемелік көмек көрсетіліп, аудандық семинар жоғары деңгейде қорытындыланды.

Білім

Негізгі бағыттары айқындалды

Жуырда Түркістан облысы білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ф.Орынның төрағалығымен «Созақ ауданының білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселелер» тақырыбында мәжіліс өтті. Білім беру атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында өткен мәжіліске бөлім қызметкерлері, мектеп директорлары мен мектепке дейінгі ұйым басшылары қатысты.

Түркістан облысы Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ғалымжан Орынның Созақ ауданына жасаған жұмыс сапары барысында өңірдегі білім беру саласының жай-күйі мен даму мүмкіндіктері жан-жақты талданды.

Жиын барысында Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Өтебаев Абай Шәріпбекұлы «Созақ ауданы бойынша жалпы білім саласындағы 2025 жылы атқарылған жұмыстар және 2026 жылға қойылатын міндеттер» тақырыбында баяндама жасады. Білім басқармасының бас маманы Досыбекова Алия Сартайқызы Созақ ауданы бойынша білім саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Түркістан облысының білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ-нің басшысы Тастанбекова Бахтығұл Ашистанова 2025 жылға Созақ ауданында білім сапасын көтеру бойынша атқарылған жұмыстар және 2026 атқарылатын жұмыстардың жоспарын айтып өтті. Білім басқармасының «Психологиялық қолдау орталығы» КММ-нің басшысы Колдасова Оразкуль Шайхиевна Созақ ауданында оқушылар арасында өз-өзіне қол жұмсау мен ерте жүктіліктің алдын алу және осы бағытта атқарылған жұмыстарды тілге тиек етті. Облыстық Психологиялық медициналық педогогикалық кеңес беру меке-



месінің меңгерушісі Сейтова Ақмарал Жарылқасыновна Ерекше білім қажет ететін балаларға сапалы білім беру бойынша атқарылған жұмыстарды атап өтті. Облыстық білім басқармасының Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі Әлия Оразәліқызы Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің 2025 жылда атқарған жұмыстарына тоқталды. №1 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын директорының міндетін атқарушы Сағындықов Аскербек Колхозұлы «Жұмысшы мамандықтар жылына атқарылған жұмыстар және бітірушілерді колледжге қабылдау мәселелері» тақырыбында баяндама жасады.

Талдау қорытындысына сәйкес пәндік кабинеттерді жетілдіру, педагог кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарында алдын ала жөндеу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу қажеттілігі анықталды. Сонымен қатар, тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізу мен оларды кешенді сүйемелдеу тетіктерін күшейту мәселесіне басым-

дық берілді.

Азаматтардың өтініштерін қарау үдерісін жетілдіру, кері байланыстың ашықтығын арттыру және заңнама талаптарына сай уақтылы жауап беру міндеттері нақтыланды.

Сондай-ақ педагогтердің кәсіби әлеуеті, оқушылардың қосымша біліммен қамту деңгейі, әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға көрсетілетін қызметтердің тиімділігі және материалдық-техникалық базаға кешенді сараптама жасалды.

Жиын барысында тәрбие жұмысының мазмұны, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік шаралары мен басқару шешімдерінің тиімділігі де назардан тыс қалмады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу, IT және шығармашылық бағыттардағы жетістіктері білім беру үдерісін жетілдіруге ықпал ететін озық тәжірибе ретінде бағаланды.

Кездесу қорытындысында білім сапасын жүйелі түрде арттыруға бағытталған нақты міндеттер айқындалып, тиімді тәжірибелерді тарату және инновациялық бастамаларды қолдау бойынша тиісті тапсырмалар берілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлттық құрылтайдан

Өткен де Қызылорда қаласында өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген мәселелерді қауай келіп, еліміздің алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан көрінуіне баса маңыздық беретін ғылым мен білім салалары бойынша толғамды бастамаларын айтты. Ұлттық Құрылтай мінберінде Мемлекет басшысы:

«Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция са-



Байыпты бастамаларға толы бас қосу

латын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру—айрықша маңызды міндет.

Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді.

Ең бастысы — бұл жоспарлар жұртты құр уәдемен жарылқайтын тұсаукесер рәсімдері мен форумдардың көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Біз пиар-акциялар мен көз алдайтын жалған ілгерілеуге емес, нақты жетістікке ұмтылуымыз қажет.

Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жарыялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл — стратегиялық міндет.

Сондықтан мемлекет үшін айрықша маңызды осы міндетті орындауға қатысты талап та өте жоғары болмақ. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуге тиіс. Атап айтқанда, шешім қабылдау мерзімін қысқартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етуі керек» деген байыпты бастамасы біз сияқты қиыр ауданда тұратын, білім саласына бар ғұмырын арнаған аға буын ұстаздар қауымы мен мектеп табалдырығын енді атаған жас ұстаздарға зор серпін береді деп ойлаймын.

Берік Тұрғанбаев,
ардагер ұстаз.

Цифрлық замандағы отбасы құндылықтары мен бала қауіпсіздігі



«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де «Цифрлық замандағы отбасы құндылықтары мен бала қауіпсіздігі» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналысқа 1-11 сыныптар бойынша ата-аналар комитеті, 5-11 сынып оқушыларының ата-аналары, «Қамқоршылық кеңесі мүшелері және төрайымы», мектеп инспекторы, мектеп директоры, оқу және тәрбие орынбасарлары, кәсіби бағдар маманы, психолог және әлеуметтік педагог пен ұстаздар қауымы қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді мектеп директоры С.Мәлікәдіров таныстырып өтті. Жиналысты мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Е.Көшек-ков жүргізіп отырды. Жиналыс барысында «Буллингтің алдын алу: қыз тәрбиесіндегі ата-ана мен мектептің рөлі» тақыры-

бында тәжірибелі ұстаз, ұлқыз өсірген ардақты ана Жүніс Бақытгүл баяндама жасады. «Бала қауіпсіздігі—ата-ананың басты міндеті» тақырыбында ата-аналар комитетінің белсенді мүшесі Мұзафарова Құндыз Айнабекқызы баяндама жасады. «Цифрлық замандағы отбасы құндылықтары-бала тәрбиесінің негізі» тақырыбында «Отбасын қолдау орталығының» бөлімше басшысы Саржанов Біржан Рысбайұлы баяндама жасады.

Жиналыс барысында ата-аналар мен ұстаздар бала тәрбиесіндегі өзара ынтымақтастық пен жауапкершіліктің маңызына тағы бір мәрте көз жеткізді.

Жиналыс соңында ата-аналар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді.

Ауылға арқа сүйеген ел ғана алға қарай нық басады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан» газетіне берген сұхбатында көтерілген ауыл және мал шаруашылығы мәселесі—бүгінгі күннің ғана емес, ел болашағының стратегиялық өзегі. Президенттің айтуынша, соңғы жылдары бұл салаға бөлінген қаржы көлемі бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткенімен, оның нақты қайтарымы күткен нәтижеге толық жеткізбей отыр. Демек, мәселе қаржыда емес, тиімділік пен жүйеде.

Бұл ойды Созақ өңірінің тарихына үңіле отырып сараласақ, айтылған пікірлердің өміршеңдігі айқындала түседі.

Кеңес дәуіріндегі Созақ: өндіріс емес, өнімімен танылған өңір

Кеңес заманында қазіргі ірі өндіріс ошақтары жоқ, инфрақұрылымы әлсіз болғанына қарамастан, Созақ ауданы ауыл және мал шаруашылығының арқасында облысқа ғана емес, тұтас республикаға танылды.

Аудан экономикасының негізгі тірегі—сиыр, жылқы, түйе, әсіресе қой өсіру, сонымен қатар мал өнімдерін дайындау болды. Әрбір ауылда мал бордақылайтын қыстақтар, шопан бригадалары, жазғы жайлау—қысқы қыстау жүйесі қалыптасқан еді.

Созақтың қойы—жүнімен, етімен, қаракөл елтірісімен, ал ірі қарасы—сапасымен ерекшеленді. Мал шаруашылығы тек күнкөріс көзі емес, тұтас әлеуметтік жүйе болатын. Ауылда жұмыссыздық деген ұғым жоқ еді. Мектеп, мәдениет үйі, медициналық пункт—барлығы да ауылшаруашылығының тынысына тәуелді жұмыс істеді.

Тәуелсіздік және тоқырау: жоғалған жүйе, үзілген сабақтастық

Одақ тарағаннан кейінгі алғашқы жылдарда елмен бірге Созақ та ауыр кезеңді бастан өткерді. Кеңестік жоспарлы жүйе күйреді, ал оның орнына жаңа, тиімді модель бірден қалыптаса қойған жоқ.

Мал жекешеленді, бірақ ұйымдастыру, өңдеу, өткізу тетіктері қатар жүрмеді. Соның салдарынан мал басы азайды, ауылдағы еңбек беделі төмендеді, жастар қалаға ағылды. Соңғы 35 жылда ауыл және мал шаруашылығы саласы жүйелі даму жолына түсе алмай, көбіне күнкөріс деңгейінде қалып қойды. Бұл—тек Созақтың ғана емес, көптеген ауылдық аймақтардың ортақ мәселесі.

Президент саясаты: ауыл - экономиканың негізгі драйвері

Мемлекет басшысы өз сұхбатында ауылшаруашылығын дамытпай, ел экономикасын алға сүйреу мүмкін еместігін нақты атап өтті. Алдағы жылдары ішкі жалпы өнімнің 70 пайызы ауыл және мал шаруашылығынан түсуі тиіс деген стратегиялық бағдар—батыл әрі тарихи шешім.Әлемде етке деген сұраныс артып келеді. 2035 жылға қарай мал етіне

деген жаһандық тұтыну 233 миллион тоннаға жетпек. Азия нарығы—біз үшін ең жақын әрі ең тиімді бағыт. Осы тұста Созақ секілді мал өсіруге табиғи әлеуеті жоғары өңірлердің мүмкіндігі толық пайдаланылуы тиіс.

Қаржы бар, бірақ нәтиже неге мардымсыз?

Президент атап өткендей, соңғы жылдары шаруаларға бөлінген субсидия мен жеңілдетілген несиенің көлемі еселеп артты. Бірақ бұл қолдау барлық шаруаларға бірдей жетіп отырған жоқ. Әсіресе, шағын және орта шаруашылықтар шет қалып келеді. Тағы бір қауіп—субсидияға шектен тыс арқа сүйеу. Бұл еңбекке емес, масылдыққа бейім психология қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы кооперация мәселесін қайта күн тәртібіне шығарып отыр.

Кооперация - Созақ үшін бөтен ұғым емес

Негізі, кооперация—Созақ үшін жаңалық емес. Кеңес дәуіріндегі бригадалық, ұжымдық еңбек—соның бір үлгісі. Бүгінгі күн талабына сай кооперация дегеніміз—шаруалардың ерікті түрде бірігіп, мал өнімін өңдеп, нарыққа бірлесе шығуы. Сүт, ет, жүн, тері өнімдерін бір орталықта өңдеп, дайын тауар ретінде өткізу—ауыл табысын бірнеше есе арттыра алады. Бұл күн көрістен—кәсіпке, кәсіптен—тұрақты табысқа апарар жол.

Шетелдік озық тәжірибе - бағыт, бірақ өз жолымызбен

Еуропа, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде ауыл шаруашылығы кооперация арқылы дамыды. Кейбір кооперативтер бүгінгі таңда ірі корпорация деңгейіне жеткен. Созақта да бұған барлық мүмкіндік бар:

- кең жайылым,
- мал өсіруге қолайлы климат,
- ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек тәжірибесі.

Ең бастысы—ұйымдастыру, оқыту, түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі керек. Президент атап өткендей, кооперация мәжбүрлеу арқылы емес, саналы таңдау арқылы құрылуы тиіс.

Сөз соңында: Созақ ауданының болашағы—жерінде, малында, ауыл адамында. Кеңес дәуірінде дәл осы саланың арқасында танылған өңірдің бүгін қайтадан ауыл шаруашылығына арқа сүйеуі—тарихи заңдылық. Мемлекет басшысының саясаты—бағыт, ал оны жүзеге асыру—жергілікті билік пен кәсіпкер қауымның, ең бастысы, ауыл халқының ортақ ісі. Ауылын түлеткен ел ғана алға басады. Созақтың да жаңғыру жолы—мал мен маңдай терге негізделген берекелі еңбек.

Данияр Бек,
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

Заң мен тәртіп-қауіпсіз балалық шақ

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Қаратау ауылдық округінде «Заң мен тәртіп—қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы жауапкершілікті түсіндіру, сондай-ақ қауіпсіз орта қалыптастыру.

Іс-шараға білім беру мекемелерінен жастар мен сала мамандары қатысып, құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың заң алдындағы жауапкершілігі, интернет қауіпсіздігі, буллинг пен зорлық-зомбылықтың сондай-ақ құқықбұзушылық пен нашақорлық-



тың алдын алу мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Кездесу барысында жастар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, заңды сақтау—әрбір азаматтың міндеті екені және қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Іс-шара соңында мамандар мұндай профилактикалық кездесулердің өскелең ұрпақ үшін маңызы зор екенін айтып, алдағы уақытта да жастарға арналған осындай кездесулердің тұрақты түрде өткізілетініне сенім білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Бала тәрбиесі-баршамыздың басты мәселеміз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде:

«Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашақорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. Бұдан бөлек, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын басты құндылықтарымызды айқындап алдық. Ұрпақтың болашағына зиянын тигізетін кеселдерге барынша тосқауыл қоятын болдық...

...Отаншылдық дегеніміз—әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ...

...Қазақстанның патриоты болу-азаматтық жауапкершілікті терең түсіну деген сөз. Ұлт мүддесін желеу етіп бос айқайға басатын, одан қалды, азаматтарымыздық Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігін саяси ұпай жинауға пайдаланғысы келетін теріс пиғылды адамдардың бізге қажеті жоқ. Барлық салада, соның ішінде зауыттарда, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау ұйымдарында, мектептерде, университеттер мен ғылыми зертханаларда, мемлекеттік мекемелерде, жеке компанияларда жұмыс істеп жүрген адамдардың білікті әрі табанды еңбегін, әскери борышын өтеп жүрген және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін азаматтарымыздың Отанға адалдығын жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық деуге болады...» деген байыпты бастамасын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің мәжіліс залында Созақ аудандық ата-аналар комитеті төрағаларының, мектеп басшыларының, мектептің тәрбие ісіне жауапты мамандардың қатысуымен кең форматты «Мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы—бала тәрбиесінің негізі» тақырыбында жиын өтті. Аталмыш жиынды Созақ аудандық білім бөлімінің басшысы Абай Шәріпбекұлы Өтебаев ашып, жүргізіп отырды. Бала тәрбиесі—мектеп пен ата-ананың ортақ жауапкершілігі. Жиналыстың



негізгі мақсаты—осы жауапкершілікті бірлесе атқару жолдарын нақтылау болатын. Солай болды да. Қазіргі қоғамда бала тек білім алып қана қоймай, дұрыс тәрбие, қауіпсіз орта, рухани және психологиялық қолдауға мұқтаж. Отбасындағы тәрбие—баланың мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымының негізі. Ал мектеп сол тәрбиені толықтырып, бағыт-бағдар береді. Сондықтан ата-ана мен мектептің өзара тығыз байланысы ғана баланың тұлға болып қалыптасуына оң әсер етеді.

Ата-аналар жиналысында бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер қозғалып, оларды шешу жолдары бірлесе талқыланды деп ойлаймыз. Ортақ мақсатымыз—тәрбиелі, саналы, жауапкершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу.

Аудандық ата-аналар комитетінің жиынына аудандық білім бөлімінің жауапты мамандары, психологтар мен социологтар, жалпы саны 170-тен астам көпшілік қауым қатысып отырғанын тілге тиек еттік.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысы, баланың қауіпсіздігі, мінез-құлқы мен жауапкершілігін қалыптастыру мәселелері қозғалды. Бұл тақырыптар баршамызға ортақ болғандықтан жиынға қатысушылар белсенді қатысып отырды.

Сонымен қатар, мәжіліс барысында пікір білдіремін деген қатысушы-

лар микрофондар арқылы өз ұсыныстары мен ой-пікірлерін ортаға салды.

Жиынның басында білім беру ұйымдарының дамуына қолдау көрсетіп, ата-аналар комитетінің жұмысын нәтижелі ұйымдастырған бірқатар төрағалар мен төрайымдар Білім бөлімі атынан Алғыс хаттар мен марапаттады. Атап айтқанда:

Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық лицейі ата-аналар комитетінің төрағасы Жолдас Серік, Созақ мектеп гимназиясының ата-аналар комитетінің төрағасы Ушибаев Марат, Ісмет Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің ата-аналар комитетінің төрағасы Шарафутдинов Суханберді, Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің төрайымы Қамысбекова Айымкүл бөлім басшысының Алғыс хаттарына ие болды. Жиынның күн тәртібіне сай Созақ ауданының білім бөлімінің бас маманы Шәміл Хамитұлы Сатыбалды хабарлама жасады.

Ой пікірлерін айту үшін ортаға шығып сөз алған азаматтар ішінде А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Манар Тұрарқызы Оралбек, аудандық ата-аналар комитетінің төрағасы, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Мақсат Жеңісұлы Қарғабай, Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің төрағасы Байзақ Таңатаров, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің тө-

райымы Нұржамал Майусова, І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің төрағасы Шарафутдинов Суханберді, В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің төрағасы Талғат Садуовтер түрлі ой пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Жиын барысында бала тәрбиесі бойынша өзекті мәселелер кеңінен талқыланып, нақты ұсыныстар мен ортақ мақсаттар айқындалды. Айтылған пікірлер мен ұсыныстар алдағы уақытта бала тәрбиесіне қатысты жақсы көрсеткіштерге жету үшін қажет. Сапалы білім, саналы тәрбиені арттыруға, оқыту үдерісін жетілдіруге және заманауи талаптарға бейімделген тиімді шешімдер қабылдауға негіз болады деп сенеміз, деп жиынды қорытындылаған бөлім басшысы Абай Өтебаев аталған жиынды екшей отырып «Мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы—бала тәрбиесінің негізі» тақырыбындағы жиыналысты қорытындылай келе қаулы етеді: «1. Мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы бала тәрбиесінің негізі екендігі назарға алынып, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын. 2. Білім беру ұйымдарында ата-аналармен жүргізілетін түсіндіру, кеңес беру және тәрбиелік бағыттағы жұмыстардың жүйелілігі күшейтілсін. 3. Әрбір мектепте тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысын өткізіп, білім бөлімінен мамандарды міндетті қатыстырылсын; 4. Ата-аналар комитеттерінің төрағаларымен танысу, жиналыс өткізу және жұмыстарын көру үшін бөлімнің жауапты мамандары мен аудандық ата-аналар комитетінің төрағасы аудан мектептеріне шықсын; 5. Ата-аналар комитеті төрағаларының жұмыс жоспары бекітіліп, бірлескен жұмыстарды жандандырсын және атқарылған жұмыстарды БАҚ беттерінде жариялауды қамтамасыз етсін. 6. Әрбір ата-анамен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, өз балалары туралы мінездеме берілсін. 7. Тәрбиесі қиын балалардың ата-аналарымен жеке-кеңес жұмыстар жүргізіліп, оңалту шаралары қабылданын; 8. Жиналыс барысында айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, тиісті шешімдер қабылданын» деген қаулының жобасы бекітілді.

Мақсат Қарғабай,
Созақ аудандық ата-аналар
комитетінің төрағасы.

Басты назарда бала тәрбиесі

Кезекті комиссия отырысы өтті

Сәрсенбінің сәтті күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Созақ ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Аталмыш комиссия отырысына аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі, ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрайымының орынбасары Ерман Нұрәділ Нұрланұлы төрағалық етті. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның 2026 жылдың жылдық жоспарының қаңтар айына арналған қаралатын мәселелерді тақылауға арналған комиссия мүшелерінің бас қосуына комиссия мүшелері

толығымен қатысып отырды. Сонымен қатар, комиссия отырысына аудан прокурорының орынбасары Турсееков Асылбек Сламбекұлы арнайы қатысып отырды. Комиссия отырысының күн тәртібінде «2025 жылғы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы», «2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыстары» туралы, «Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылар мен кәмелетке толмағандардың

тізімін бекіту» туралы Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Өтебаев Абай Шәріпбекұлы баяндама жасады.

Қосымша жасөспірімдер жөнінде ауданы полиция бөлімі, ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Кенжигараева Гулфайруз Ергенбаев өзі қызмет атқаратын бөлімнің атқарылған жұмыстары туралы баяндап өтті. Комиссия отырысында баяндамашыларға комиссия мүшелері тарапынан бірнеше сауалдар қойылып, оған нақты жауаптар берілді. Ойда қырда «илегеніміз бір терінің

пұшағы» демекші қайтсек жасөспірімдердің тәрбиесіне алаңдамайтын күн туады екен деген үкілі үмітті алға тартып бірлесе жұмыс жасап келеміз. Комиссия отырысы отырыс көлемінде қойылған сұрақтар мен ұсыныстар шеңберінде қорытындылады.

Бүгінгі таңда, комиссия мүшелері белсенділік танытып әлі де бірқатар жұмыстар атқаруы тиіс деп есептейміз. Сондықтан өткен жылдың жылдық жоспары шеңберінде толыққанды атқарылмаған жұмыстарға саралау жүргізіліп, тиісті нәтижелерге қол жеткізуге

жұмыс жасауымыз керек.

Осылайша комиссия отырысында күн тәртібіне енгізілген мәселелер толығымен қаралды. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия өзінің кезекті отырысын аяқтады. Алдағы айдан бастап білім бөлімі мен ата-аналар комитеті бірлесіп ауданның барлық мектептерін аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Мақсат Жеңісұлы,
Созақ ауданы әкімдігі
жанындағы кәмелетке
толмағандардың
құқықтарын қорғау
жөніндегі комиссияның
мүшесі, аудандық
ата-аналар комитетінің
төрағасы.

Қазіргі таңда аудан бойынша кәмелетке толмаған мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылық фактілерінің көбеюі баршамызды қатты алаңдатып отыр. Бұл жағдай кездейсоқ емес, бұл-тәрбиедегі, бақылаудағы және өзара жауапкершіліктегі олқылықтардың салдары.

Бүгінде кейбір оқушылар мұғалімдердің заңды талабын тыңдамай, сабақ барысында әдейі шу шығарып, тәртіп бұзып, тіпті бір-бірімен төбелесуге дейін барып жүр. Мұндай әрекеттер тек сабақтың өтуіне кедергі келтіріп қана қоймай, мектептегі тәрбие жүйесінің әлсіреуіне әкелуде. Егер бала мұғалімді сыйлама-са, ол ертең қоғам талабын да, заңды да мойындамайтын тұлға болып қалыптасуы мүмкін.

Сонымен қатар, мектептен тыс уақытта балалардың ата-ана бақылаусыз қалуы-ең өзекті әрі қауіпті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі кезде кәмелетке толмаған оқушылардың кешкі уақытта заңды өкілінсіз көшелерде, ойынханаларда, мейрамханаларда жүруі, тіпті ішімдік ішіп, масаң күйде ұсталған жағдайлары тіркелуде. Бұл – баланың бос уақытының дұрыс ұйымдастырыл-



көріп, үнсіз қалса, онда ол өз міндетін орындамаған болады.

Ал әрбір ескертуге шағыммен жауап беру мұғалімнің беделін түсіреді, баланың бойында «мені бәрібір қорғайды» деген жалған сенім қалыптастырады, баланың жауапкершілік сезімін әлсіретеді. Нәтижесінде бала, талапты мойындамайтын, сөз көтермейтін, тәртіпке бағынбайтын тұлға айналуы мүмкін. Ата-ананың әрбір негізсіз шағымы мұғалімге ғана емес, балаға тікелей зиян келтіреді. Себебі мұғалім баладан талап қоюдан қорқады, тәртіпке қатысты мәселені айналып өтеді, тек «шағым болмас үшін» әрекет етеді. Ал талапсыз жерде сапалы білім болмайды, саналы тәрбие қалыптаспайды, жауапкершілікті ұрпақ өсіп шықпайды.

Тәрбие – кейде қатаңдықты, кейде талапты қажет етеді. Бұл – баланы басу емес, болашаққа дайындау. Балаға әрдайым «сен дұрыссың» деп шығу – мейірімділік емес, баланың болашағына жасалған қиянат. Ата-ана алдымен жағдайды анықтауы, мұғалімді тыңдауы, баласының әрекетіне әділ баға беруі керек. Шынайы тәрбие-баланың қателігін мойында-

Әке-аналардың басты парызы-тағғылымды тәрбие беру

мауының, ата-аналық бақылаудың жеткіліксіздігінің айқын көрінісі.

Өкінішке қарай, соңғы уақытта кейбір оқушы қыздарымыздың ерте жүктілікпен емханаларға тіркелуі, ал

Ал бұл – құқық бұзушылыққа апараң ең қысқа жол.

Сонымен бірге, қазіргі балалардың психологиялық жағдайын да ескермеуге болмайды. Көп жағдайда балалар үлкендердің ауыр сөзін, ұрыс-керісін көтере алмайды. Мұғалімі немесе үйіндегі үлкен кісілер, ата-анасы қатты сөйлеп, ұрысып қалса, кейбір балалар күйзеліске түсіп, өзіне зиян келтіруі де мүмкін. Бұл – өте қауіпті жағдай.

Неліктен бұлай болып отыр?

Себебі қазіргі балаларға тұрақты бақылау, жылы қарым-қатынас, ата-анамен ашық сөйлесу, сыр алмасу-жеткіліксіз болып отыр. Өзін жалғыз, сезінген бала сол бос орынды қате ортадан, қауіпті әрекеттерден толтыруға тырысады.

Осыны ескере отырып, бір нәрсені нақты айтуымыз керек бала тәрбиесін тек мектепке артып қоюға болмайды. Мектеп-серіктес, бағыт беруші. Ал баланың негізгі тәрбиесі мен қауіпсіздігіне жауапты тұлға-ата-ана.

Сондықтан егер ата-аналар өз балаларының ертеңіне шын мәнінде алаңдайтын болса, мектептің күшіне сеніп, мұғалімдермен бірлесе әрекет етіп, бала тәрбиесі үшін қажетті барлық жағдайды бірге жасауы қажет деп ойлаймын.

Тек осындай бірлік пен жауапкершілік арқылы ғана біз балаларымызды құқық бұзушылықтан сақтап, саналы да тәрбиелі ұрпақ қалыптастыра аламыз.

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналыстың маңызы ерекше. Себебі біз ел болашағы-бала тәрбиесі туралы, ал ол-тек мектептің ғана емес, ең алдымен отбасының және ата-ананың жауапкершілігі екенін жақсы түсінуіміз қажет.

Қазіргі қоғамда бала тәрбиесіне әсер ететін факторлар күрделене түсті. Ақпараттың көптігі, әлеуметтік желілер, интернет кеңістігі, уақыт тапшылығы-мұның бәрі баланың мінез-құлқы мен құндылықтарына тікелей ықпал етуде. Осындай жағдайда ата-ана мен мектептің бір бағытта жұмыс істеуі-басты міндет.

Қазіргі таңда мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста алаңдатын жағдайлар жиі кездесуде. Соның бірі-мұғалімнің балаға ескерту жасап, тәртіпке шақырғанының

уына, түзелуіне мүмкіндік беру. Егер ата-ана мен мұғалім бір-біріне сенбесе бала екі ортада қалады, қай тараптың сөзін тыңдарын білмейді, тәрбие жүйесі бұзылады.



кейбір оқушылардың телефон, әлеуметтік желілер арқылы айтуға ауыз бармайтын арсыз, қауіпті әрекеттерге баруы да анықталуда. Мұндай жағдайлар баланың азғындығынан емес, баланың жалғыздығынан, қараусыздығынан және бағыт-бағдардың жоқтығынан туындап отыр.

Тағы бір аса алаңдатарлық мәселе – мектеп оқушылары арасында мотоцикл мен көлік құралдарын рұқсатсыз басқару жағдайларының көбеюі. Бұл салғырттық пен жауапкершіліксіздіктің соңғы орны толмас қасіретке әкеліп, бірнеше кәмелетке толмаған баламыздан айырылып қалдық. Бұл – барлығымыз үшін ауыр сабақ, бірақ осыдан тиісті қорытынды шығармасақ, мұндай жағдайлар қайталануы әбден мүмкін.

Мектептен тыс уақытта ата-ана бақылауынан тыс қалған балалардың осындай келеңсіздіктерге ұшырауы заңды құбылыс. Себебі бақылаусыз қалған бала кіммен араласатынын, қайда баратынын, не істеп жүргенін жасырады.



өзі кейбір ата-аналар тарапынан дұрыс түсінілмей, бірден шағымға ұласуы. Мұндай жағдайлар, өкінішке қарай, сапалы білім мен саналы тәрбиеге кері әсерін тигізіп отыр.

Ең алдымен, бір шындықты нақты түсінуіміз керек бала тәрбиесінің негізі-отбасында қаланады. Мектеп баланы тәрбиелеп «бастап» бәрмейді, мектеп-отбасынан алған тәрбиені жалғастырып, дамытады. Егер бала үлкенді сыйлама-са, тәртіпке бағын-баса, сөз көтермесе, жауапкершіліктен қашса, мұның себебін тек мұғалімнен іздеу-әділетсіз.

Мұғалім баламен күніне бірнеше сағат қана жұмыс істейді, ал ата-ана-өмір бойы қасында. Сондықтан баланың мінезі мен тәртібіне ең алдымен ата-ана жауапты.

Қазіргі қоғамда «балама қатты айтты», «дауысын көтерді», «ұрысты» деген сөздер жиі шағымға айналып отыр. Ал шын мәнінде мұғалімнің ескертуі-баланы қорлау емес, тәртіпке шақыру-баланың құқығын бұзу емес, талап қою-зорлық емес.

Мұғалім-тәрбиеші, бағыт беруші. Егер мұғалім баланың қателігін

Ал сенім бар жерде, бала талап-түтесінеді, мұғалім де, ата-ана да бірмақсатта әрекет етеді, тәртіп пен білім қатар жүреді.

Құрметті ата-аналар комитетінің төрағалары!

Біз балаға ыңғайлы емес, дұрыс орта қалыптастыруымыз керек. Баланың әрбір әрекетін ақтау – тәрбие емес. Мұғалімнің әрбір талабын жау көрмеу – өркениетті көзқарас. Сапалы білім мен саналы тәрбие ата-ананың жауапкершілігінен, мұғалімнің беделінен, өзара сенімнен басталады.

Бала тәрбиесі-бүгінгі емес, ертеңгі мәселесі.

Сондықтан бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамайық, бір-бірімізбен ашық байланыста болайық, ортақ мақсат жолында бірігейік. «Бала тәрбиесі-болашаққа салынған ең үлкен инвестиция» екенін естен шығармайық.

**Шәміл Сатыбалды,
Созақ ауданы білім бөлімінің
тәрбие жұмыстарына жауапты
бас маманы.**

Бүгінгі жаһандану заманында қоғам түрлі идеологиялық ағымдар мен ақпарат тасқыны ортасында өмір сүріп жатыр. Дәстүрлі рухани тіректері әлсіреген қоғам өзге мәдениеттердің жетегінде кетуге бейім болады. Мұндай жағдайда ұлттық салтқа беріктік-тек өткенді құрметтеу емес, болашақты сақтау тетігіне айналады. Себебі салт-дәстүр—бұл ұлттың өзін-өзі тану, өзін-өзі қорғау тетігі. Ол ұлтты адасудан, мәңгірттену-

Жастардың бойына рухани иммунитет қалыптастыру үшін ұлттық тәрбие мен салт-сананы күшейту—басты міндет. Санасы сергек ұрпақ — елдің ертеңі. Ал сананың сергектігі — ұлттық тәрбиемен, салтқа беріктікпен келеді. Сондықтан қай кезеңде де елдігіміздің тірегі—салтымыз бен дәстүріміз. Оны сақтау—әрбір азаматтың парызы, ұлт алдындағы борышы. Ұлттық тамырынан ажырамаған елдің болашағы жарқын, іргесі берік

Салтқа берік болу-ескіше өмір сүру емес. Бұл-тарихи жадыны жаңғырта отырып, қазіргі заман талабына бейімделген ұлттық тәрбие үлгісін қалыптастыру. Санасы сергек ұрпақ тек технология мен ғылымда ғана емес, руханиятта да сауатты болуы керек. Ал рухани сауаттылық ұлттық негізден басталады. Батыстың озық техникасын меңгеріп, шығыстың терең даналығын бойына сіңірген ұрпақ—елдің жарқын бола-

Салтқа берік ел-санасы сергек ел

ден, жат пиғылды идеялардан қорғайтын рухани қалқан.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы—ұлттық рухымыздың, мәдени болмысымыздың айқын көрінісі. Ұлттық салт—ұлттың рухани тірегі. «Салтқа берік ел—санасы сергек ел» деп айту тегін емес. Салт-дәстүрін құрметтеген ел ғана рухани азғындаудан, адасудан, жат пиғылдың идеологиядан қорғана алады.

Қазақ халқы ата-бабадан келе жатқан тәрбиелік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Тектілік пен тәртіпті, имандылық пен инабаттылықты дәріптеген дәстүрлердің бәрінде терең мағына, өмірлік ұлағат жатыр. «Бала тәрбиесі-бесіктен» деп, адам баласына адамгершілікті кішкентайынан сіңіріп отыру-халқымыздың ұлы өнегесі.

болады.

Қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихында ұлттың ұлы коды — оның салт-дәстүрі мен рухани мәдениетінде сақталды. Халықтың дүниетанымы, өмір сүру дағдысы, әлеуметтік қарым-қатынасы мен адамгершілік ұстанымы — осы әдет-ғұрып пен салттың негізінде қалыптасты.

Ұлттың санасы-оның өткенінен нәр алып, бүгінін бағамдап, болашағын болжай алу қабілеті. Ал бұл қабілет тамыры тереңде жатқан рухани құндылықтарға сүйенгенде ғана өміршең болмақ. Қазақтың кез келген салт-дәстүрін алып қарасаңыз, оның астарында тәрбие, ізгілік, шынайы мұрат жатыр. Текке құрылған ешнәрсе жоқ—беташардан бастап, бесікке салу, тұсау кесу, келін түсіру, наурыз көже, атаға тағзым, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық-мұның бәрі ұлттың ішкі мәдени имунитетін құрайтын жүйе.

шағы.

Сондықтан әрбір азамат салт-дәстүрге селқос қарамай, оны күнделікті өмірде ұстанып, ұрпағына үйретуі—ұлтқа қызмет етудің үлкен үлгісі. Мектеп пен медиа, мешіт пен отбасы-барлығы бір мүддеде жұмыс істеуі тиіс: ұлттың болмысын сақтау!

Салтқа берік халық-тамырын таныған халық. Тамырын таныған елдің тамымы биік, санасы сергек, болашағы берік. Елдігіміздің, егемендігіміздің, еңсеміздің биік болуы осы рухани мұраларымызға деген шынайы құрмет пен жауапкершілікке тікелей байланысты. Салт дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп дәріптейік.

Е.Ештай,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Білім — адам қорғаны

Қазіргі қоғамда білімнің рөлі бұрынғыдан да арта түсті. «Білім—адамның қорғаны» деген нақыл сөз адам өміріндегі білімнің маңызын дәл сипаттайды. Себебі білім адамды тек кәсіби тұрғыда ғана емес, рухани, әлеуметтік және құқықтық жағынан да қорғайды. Ең алдымен, білім надандықтан сақтайды. Надандық-көптеген қателіктің, адасудың және әділетсіздіктің бастауы. Ал білімді адам ақпаратты талдай алады, ақ пен қараны ажыратады, өз көзқарасын дәлелдей біледі. Мұндай қабілет адамды алдауға, жалған идеологияға еріп кетуден қорғайды. Екіншіден, білім адамның өз құқығын қорғауына мүмкіндік береді. Заңды, қоғам ережелерін, азаматтық міндеттерін білетін адам әділетсіздікке төзбейді, өз мүддесін мәдени әрі заңды жолмен қорғай алады. Бұл тұрғыда білім-адамның ең сенімді қалқаны. Үшіншіден, білім экономикалық қауіпсіздіктің де кепілі. Білімі бар адам еңбек нарығында сұранысқа ие болады, өз кәсібін табады немесе жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ал тұрақты табыс пен кәсіби даму-адамның өмірлік сенімділігін арттыратын маңызды факторлар.

Бұл мақалада діни білімнің адамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі қарастырылады. Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектеріндегі дін, ақыл және адамгершілік мәселелері талданып, діни білімнің фанатизм мен радикализмнен қорғайтын маңызды фактор екені негізделеді.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде діни білім мәселесі тек рухани емес, сонымен қатар әлеуметтік және қауіпсіздік тұрғысынан да өзекті болып отыр. Дінді теріс түсіну, діни сауатсыздық пен үстірт сенім қоғамда радикалдық көзқарастардың қалыптасуына себеп болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, діни білім — адамды адасудан сақтайтын рухани қорған ретінде маңызды рөл атқарады. Қазақ ойшылдары Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл мәселені өз еңбектерінде терең зерделеген.

Абай Құнанбайұлы діни сенімді ақылмен ұштастыру қажеттігін баса көрсеткен. Оның ілімінде соқыр сенім қатаң сынға алынады. Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей

ұста» деген қағидасы діни білімнің негізінде ақыл-ой мен рухани тазалықтың үйлесуі керектігін көрсетеді. Абай үшін иман—адамды әділетке, жауапкершілікке, еңбекке жетелейтін рухани күш. Бұл тұжырым діни білімнің қорғандық қызметін айқындайды. Себебі ақылмен қабылданған дін адамды фанатизмнен, алдамшы уағыздардан және теріс ағымдардан сақтайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы діни білімді «ар ілімімен» тығыз байланыстырады. Ол: «Дін тазасын ойласаң, ақылға сал» деп, діннің мәні ақыл мен ар-ожданға екенін айқындайды. Шәкәрім үшін шынайы дін-адамды ішкі тәртіпке, өзін-өзі бақылауға тәрбиелейтін рухани жүйе. Шәкәрім еңбектерінде діни білім адамды зұлымдықтан, әділетсіздіктен, қатыгездіктен сақтайтын қорған ретінде қарастырылады. Ар-ұятты бірінші орынға қойған тұлға қоғамға да, өзіне де зиян келтірмейді.

Діни білімнің негізгі қызметтерінің бірі-адамның рухани имунитетін қалыптастыру. Иманды әрі сауатты адам жалған діни идеяларға қарсы тұра алады. Абайдың: «Дін ісінше сөйлесен, ақыл қоспай-надандық» деген пікірі діни білімсіздіктің қауіпті екенін нақты көрсетеді.

Демек, дұрыс діни білім адамды: радикалдық идеологиядан; діни манипуляциядан; рухани дағдарыстан қорғайды.

Бұл қасиеттер діни білімді жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, діни білім-адамның рухани қорғаны. Абай мен Шәкәрім ілімдері діни сенімнің ақылмен, ар-ожданмен және адамгершілікпен ұштасқанда ғана өз мәнін табатынын дәлелдейді. Саналы діни білім адамды адасудан сақтап, ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етеді. Сондықтан діни білімді ғылыми, жүйелі және жауапкершілікпен меңгеру-қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

А.Дүйсен,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Заманауи технологиялар дәуіріндегі діни тәрбиенің рөлі

XXI ғасыр—технологиялар қарқынды дамыған, ақпарат ағыны шектен тыс көп болған кезең. Интернет, әлеуметтік желілер, жасанды интеллект, мобильді қосымшалар, виртуалды орта—мұның бәрі адамның дүниетанымына, мінез-құлқына, құндылықтарына тікелей әсер етеді. Осындай өзгерістер аясында діни тәрбиенің рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсті, себебі рухани бағыт-бағдар адамды ақпараттық дауылдан қорғап, тұлғалық тұрақтылыққа жетелейді. Діни тәрбие адамға моральдық құндылықтарды меңгертіп, ар-ождан, жауапкершілік, адамгершілік, мейірімділік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Ал заманауи технологиялар бұл тәрбиені жаңа форматта жүргізуге мүмкіндік береді. Заманауи технологиялардың қоғам өміріне ықпалы едәуір орасан. Мысалы технологиялық даму адамзаттың тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, оның ақпарат алу тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Әлемдегі оқиғалар жайлы мәлімет бір сәтте бізге жетеді. Осындай ортада адамға ақпаратпен жұмыс істей білу ғана емес, оны сүзгіден өткізіп, дұрыс бағдар таба білу де аса қажет. Бұл жерде діни тәрбие адамның рухани имунитетін қалыптастырып, адами құндылықтарды сақтауға көмектеседі.

Діни тәрбиенің мәні мен бүгінгі қоғамдағы маңызы сезілерлі дәрежеде, діни тәрбие тек діни білім беру ғана емес—бұл тұлғаның жан-жақты дамуын, рухани кемелденуін қамтамасыз ететін жүйе. Оның негізгі мақсаттарын атап өтер болсақ адамды ізгілікке тәрбиелеу, айналасына құрметпен қарауды үйрету, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, рухани тұрақтылық пен сабырлылыққа баулу, отбасы, қоғам алдындағы міндеттерді сезіндіру. Ақпараттық қоғамда адам тез өзгеретін жағдайларға бейімделу үшін ішкі бағдарға, берік құндылықтарға сүйенеді. Сондықтан діни тәрбиенің рөлі ерекше.

Технологияның діни тәрбиеге тиізетін оң әсері жайлы айтар болсақ біріншіден діни білімнің қолжетімділігі артады. Онлайн кітапханалар, лекциялар, курстар кез келген адамға қажет білімді оңай табуға мүмкіндік береді. Мультимедиялық құралдар оқу процесін жеңілдетеді. Видео-сабақтар, аудио уағыздар, инфографикалар—діни ақпаратты түсінікті әрі қызықты етіп ұсынады. Қашықтан оқыту мүмкіндігі кеңейді. Мешіттер мен діни ұйымдар онлайн сабақтар өткізіп, әлемнің кез келген жеріндегі адамдарға қол жеткізе алады.

Технологияның теріс ықпалыда жоқ емес мысалы жалған діни ақпараттың таралуы. интернетте кәсіби емес немесе радикалды идеяны насихаттайтын контент көбөюде. Жастардың назарын алаңдататын шулы ақпараттар. Тік-ток, ойындар, трендтер діни тәрбиеден алыстаып жатқандай. Тұлғалық жалғыздық пен виртуалды тәуелділік. Рухани әлсіз тұлға технологияға тәуелді болып, шынайы өмірден алыстауы ықтимал. Құндылық дағдары-

сы яғни материализмді насихаттайтын контент діни құндылықтарға қарсы келуі мүмкін. Біз діни тәрбиені заманауи технологиялар арқылы дамыту жолдарын іздеу керек. Мысалы заманауи оқу платформаларын пайдалану, онлайн медресе сабақтары, вебинарлар мен интерактивті сұрақ-жауаптар, діни аудиокітаптар мен мобильді қосымшалар. Бұл әдістер жастарға да, ересектерге де ыңғайлы.

Осы орайда, әлеуметтік желілерде сапалы діни контент қалыптастыра білу керек, қысқа мотивациялық видеолар, дұғалар мен тәпсірлерді түсіндіретін посттар, рухани тәрбиеге арналған подкасттар, жастар тіліне жақын форматтарды қолдана отырып діни оқу орындары мен мешіттерді цифрландыруымыз керек. Онлайн қабылдау жүйесі және электронды кітапханалар мен мешіт сабақтарына онлайн тіркелу сынды—қызмет түрлері діннің қолжетімділігін арттырады.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, түрлі бағдарламалар жасаса болады. Айта кетсек—құран оқу бағдарламалары және тәпсір, хадис іздеу жүйелері, тілді автоматты аудару мүмкіндігі, жеке діни оқу траекториясын жасау сынды жеңілдіктерге қол жеткізуге болады.

Діни мамандарды цифрлық сауаттылыққа үйретіп, ресми діни контенттің көлемін арттыруымыз қажет. Жастарға арналған заманауи форматтағы оқу құралдарын шығару және отбасы институтын күшейтіп, балаларға ерте жас-тан рухани бағыт беруі керек.

Қорыта айтқанда, заманауи технологиялар дәуірі діни тәрбиеге жаңа мүмкіндіктер ашты. Бір жағынан, технология діни білімді қолжетімді етіп, рухани дамуға жол берсе, екінші жағынан, оны дұрыс пайдаланбау түрлі қауіптерге әкелуі мүмкін. Сондықтан қоғам, отбасы және діни ұйымдар технологияны тиімді пайдалануды үйреніп, жас буынға дұрыс бағыт көрсеткені маңызды. Діни құндылықтар—адамның рухани тірегі, ал технология—сол құндылықтарды жеткізетін құрал. Екеуі үйлескенде ғана толыққанды, ізгілікті қоғам қалыптасады. Қазіргі заманда технологиялар мен діннің өзара байланысы өте маңызды. Технологияның мүмкіндіктері діни тәрбие беру процесін жеңілдетіп, оны кеңейтуге мүмкіндік берсе, сонымен қатар, дұрыс емес ақпарат таралуына жол бермеу үшін қоғам мен діни көшбасшылардың белсенді қатысуы қажет. Технологиялардың тиімді пайдаланылуы діни тәрбиенің сапасын арттырып, адамдардың рухани дамуына оң әсер етеді. Әрине, бұл процестің басты мақсаты—жастарды ізгілікке, адамгершілікке және діни құндылықтарға баулу болып қала береді.

Ғ.Өгембай,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдептің нормаларына және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-7-78 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Вирусты гепатиттер және оның алдын алу шаралары

Гепатит–вирустық инфекция тудыратын бауырдың қабынбалы ауруы. Гепатитті тудыратын вирустың А, В, С, D және E деп аталатын бес түрі бар.

Аурудың жұғу механизмінің әртүрлі болуына байланысты гепатит 2 топқа бөлінеді. Энтеральды (ауыз қуысы арқылы) – А, Е гепатит түрлері және парентеральды (қан арқылы) жұғу – В, С, D гепатит түрлері.

Бұл вирустардың барлығы жіті гепатит тудырады, оған шаршау, тәбеттің жоғалуы, жоғары температура мен сарғаю тән. Адамдардың көпшілігі толығымен сауығады, бірақ аздаған адамдардың арасында жіті гепатит өлімге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар В және С гепатитінің жұқпалары созылмалы болып, бауыр циррозы мен обырының дамуына әкелуі мүмкін.

А гепатиті немесе Боткин ауруы – ол вирустық гепатиттің ең кең тараған түрі. Ауру жуылмаған жеміс-жидектер, сапасыз ауыз суы, сары аурумен ауырған адамдармен тығыз байланыста болған кезде беріледі. А гепатиті сонымен бірге кір қол арқылы беріледі, сондықтан бұл аурумен ересек адамдарға қарағанда, көбінесе балалар ауырады. А гепатитінің қоздырғышы адам ағзасына асқазан-ішек жолдары арқылы енеді және қанмен бауырға өтеді, оның жасушаларына еніп, сол жерде көбейеді.

Е гепатиті ол өзінің белгілерімен А гепатитіне ұқсайды. Бірақ, вирустық гепатиттердің басқа түрлерінен айырмашылығы Е гепатитінің ауыр түрінде, бауырмен қоса бүйректе зақымданады.

А гепатиті нәжіс-ауыз жолымен берілетін болғандықтан алдын алу оңай, ол үшін гигиена ережелерін сақтаса: тамақ ішерде, дәретханадан кейін қолды сабындап жуу, Сондай-ақ көкөніс пен жемісті мұқият жуып, тек қайнаған суды ішу қажет.

В, С, D вирустық гепатиттерінің берілу жолы қан арқылы.

В вирусты гепатитінің жұғу жолы: медициналық ұйымдарда, косметикалық салондарда, шаштараздарда, көп реет қолданылатын медициналық құрал-саймандардың стерилизациялық режимін сақтамаудан, ауырған анасынан нәрестеге, жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғуы мүмкін.

Парентеральды гепатиттердің алдын алу:

Ретсіз жыныстық қатынасқа түспеу, күмәнді орындарда пирсинг пен татуировка жасамаңыз.

Әрқашан жеке гигиена ережелерін сақтауды ұмытпаңыз.

В гепатитіне қарсы иммундау өмірдің 1-4 күні, 2 ай және 4 ай аралығында ревакцинациялаумен жүргізіледі.

С вирустық гепатитінің ерекше профилактикасы жоқ.

А.Кулменов,

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

С.Бектібаева,

Бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының зертханашысы.

Вакцинаның тиімділігі

Вакцина – адамның ағзасында белгілі бір инфекцияға қарсы иммунитет (қорғаныс қабілеті) қалыптастыратын биологиялық препарат. Вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді және қауіпсіз тәсілі.

Вакцинаның тиімділігі неде?

- Ағзаны қауіпті вирустар мен бактериялардан қорғайды;
- Аурудың ауыр өтуін және асқынуын болдырмайды;
- Қоғамдық иммунитет қалыптастырып, аурудың таралуын тежейді;
- Кейбір ауруларды (мысалы, шешек) мүлде жойып жібереді.

Вакцина алудың маңызы:

- Балаларды және ересектерді қауіпті инфекциялардан қорғау;
- Әр адамның екпе күнтізбесін уақытында орындау;
- Дәрігердің кеңесімен екпе алу.

Қорытынды:

Вакцина – денсаулықты сақтаудың сенімді қалқаны. Екпе алу – өз өміріңді және қоғамның қауіпсіздігін қорғау.

Х.Оспанов,
Аудандық СЭББ басшысы.

Хабарландыру

«Буденовское «БК» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «Түркістан облысының Созақ ауданындағы «Буденовское 6-7» кенішінің геотехнологиялық алаңының технологиялық блоктарының ұңғымаларына байланысын салу, жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44,39'6.97" с.е. 67,44' 10.33" ш.б.

Қоғамдық тыңдау 16.03.2026 ж. сағат 12.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауыл округі, Бақырлы ауылы, Жиенбет батыр көшесі, 13А үй, Қаратау а/о әкімшілігінің ғимаратында.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7(777) 8908808 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Буденовское «БК» ЖШС, БСН161040005807, ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а/о, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимарат, тел. +7 (727) 343-67-00, электрондық мекенжайы info@spb.kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: "KAZ Design & Development Group LTD" ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(777) 8908808.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жағдайы туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - "Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағынауданы, 32 көше, 20 ғимарат. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының электрондық мекенжайы: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде ndbecology.gov.kz сайтына жолдай алады.

Объявление

ТОО «СП «Будёновское» в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК, проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство (обязка) скважин технологических блоков геотехнологического полигона рудника «Будёновское 6-7» в Сузакском районе Туркестанской области». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 44,39'6.97" с.ш. 67,44' 10.33" в.д.

Слушания состоятся 16.03.2026г. в 12.00 ч. по адресу: Туркестанская область, Созакский район, Каратауский с/о, с.Бақырлы, в здании аппарата акима Каратауского с/о, ул.Жиенбет батыра д.13А. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(777) 8908808.

Инициатор - ТОО «СП «Будёновское», БИН161040005807, РК, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с/о, село Сарыжаз, квартал 021, здание 627, тел. +7 (727) 343-67-00, электронная почта info@spb.kazatomprom.kz..

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808.

Объявление и документы по проекту размещены на сайте национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20. Электронный адрес управления природных ресурсов: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу ndbecology.gov.kz.

Орман алқаптарын қорғайық!

Соңғы уақытта экологиялық жағдай тез нашарлап, әлемнің болашағы үшін маңызды проблеманың бірі болды. Жаздың аптапты ыстығында кенеттен болған өрт үлкен қауіп төндіруде. Экологиялық ортаның нашарлауы көптеген табиғи оқиғаларды тудырады. Дауыл, су тасқыны және тағы басқалар сияқты көптеген жағымсыз табиғи сұретінін ескере отырып, экологиялық жүйені жақсы қорғау керек деп ойлай аламыз. Табиғат–тіршілік көзі. Табиғатты аялау, оған үнемі жанашырлық сезіммен қамқорлық жасап отыру ата-бабаларымыздың ұрпақтарына ұран етіп қалдырған аманаты екендігін ешқашан да естен шығармауға тиіспіз. Табиғат пен адам қатар ұғым демекші, Табиғатты қорғау-әр азаматтың міндеті.

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі–«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиеп алған бауке-спелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр.

Күмісбек Амалбек,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Сексеуілді қорғайық!

Сексеуіл ағашын заңсыз кескен азаматтарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 381-1 бабымен жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жолмен айыппұл салынып, көліктері мен басқа да құралдарын тәркілеу жазасы белгіленген. Табиғатқа аса ірі көлемде зиян келтірген болатын болса ҚР Қылмыстық кодексімен қылмыстық іс қозғалады. Бұдан басқа, орман алқабына зиян келтірушілер материалдық жауапкершілікке тартылады. Шөлейт аймақтың шырайын келтіріп отырған сексеуіл ормандарын үлкен-кіші болып бірлесіп қорғайық. Жайқалған сексеуіл ормандары бізге ғана қызмет етіп қоймай келешек ұрпақ үшін өмір сүруі қажет. Сондықтан оның тамырына балта шаппас бұрын ойланайық.

Біз, бәріміз орман туралы ойласақ көз алдымызға-табиғат келеді. Ал, табиғатты ойласақ–орман келері хақ.

Орманның пайдасы орасан зор. Табиғат адамзаттың ежелден бері тіршілік етіп, өмір сүріп келе жатқан ортасы-деп айтсақ еш қателеспейміз. Ал адамзат табиғатпен бірге, біртұтас болып, табиғатта-бұдан былай да мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі.

Қазақстанның ең үлкен байлығы – халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Айналамыздағы өсімдіктер мен жабайы жануарлар-табиғат байлығы.

Құрманғазы Қияқбай,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Редакцияға келген күннен бастап, жылы жүзді, ажары, кескін келбетінен мейірім шуағы төгіліп тұратын есепші Оразбекқызы Гүлжан апаймен жиырма жылдан астам уақыттан бері қызметтес болып келеміз. Отбасының шуағы, қуанышы, бақыты әйел десек, қызмет барысында да әйел кісі қызметін адал атқара жүріп, қызметтестерінің біріне анасындай, біріне әпкесіндей болып жылулық сыйлайды.

Гүлжан Оразбекқызы Бекжігітова 1966 жылы 30 қаңтарда Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты аядай Аққолтық ауылында дүниеге келген. Отбасында Оразбек көкеміз бен Кеңескүл апамыздан 9 қыз, 1 ұл тараған. Гүлжан апай отбасында үшінші қыз бала. Аққолтық ауылындағы Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебін ойдағыдай бағамен бітірген соң 1983-84 жылда-

қаласында бастауыш сынып мұғалімі, үйдің кенжесі Айнұр- Шымкент қаласында тұрады. Мектептің білікті психолог-маманы.

Қарап отырсаңыз ол заманда шаруашылықта көлік жүргізуші болып еңбек ететін көкеміз бен мектепте техникалық қызмет атқаратын апамызда шынында артық қаржы, көл-көсір дүние қайдан болсын. Қыздардың барлығы өз қарекетімен, ізденісті білімдері арқасында таңдаған мамандықтарына қол жеткізеді. Бір жылы оқуға түсе алмай қалса келесі жылы қайта барып, алған беттерінен қайтпай жүріп оқуға қол жеткізеді. Әйтпесе, сол уақытта отбасында екі жылда бір бала мектеп бітіріп оқуға талаптанып, дайын тұрды. Былайша айтқанда ақшамен түсіруге отбасылық мүмкіндік жоқ болатын. Бәрі де қыздардың білімге деген, өмірге деген шынайы құштар-



жоқтатпай, бізге ата-анамыз сияқты жылы қабақ, мейірім шуақпен қарсы алып қас-қабағымызға қарап күтіп алып, шығарып салып бәйек болып жүргені,-дейді Гүлжан апай ризашылық пейілмен.

Есепшілік сала шынында оңай сала емес. Оның үстіне бүгінгі заманда компьютерді терең меңгеруді қажет етеді. Ауданда қаржы саласының білікті де, білімді мамандары қатарында Жақсыбаева Мейрамкүл, Құдайбергенова, Бабаева Нұржамал, Еденбаева Сәуле, Сағындық Серік, Айдарбеков Ербол, Қарабаев Сейділда, Сейдалиева Гүлнар, Елбергенұлы Сәбит, Айдаров Тұрды, Керімбекова Несіпкүл сияқты әріптестерімен уақытында қоян қолтық жұмыс жасады. Ол уақытта алдыңғы аға буынға шәкірт болса, бүгінде көптеген жастарға ақылшы ұстаз ретінде ақыл-кеңесін айтып отырады.

Ардақты ана, абыройлы қызменкер асқаралы алыста

ры алғашқы астанамыз Қызылорда қаласындағы №8-ші кәсіптік техникалық училищеде «сатушы» мамандығы бойынша білім алады. 1984-86 жылдары оқуын одан ары жалғастырып Көкшетау қаласындағы арнайы педагогикалық техникумының есепшілік факультетінде білім алады. Кәсіптік техникалық училищеде уақытша аға есепші болып еңбек жолын бастайды.

1987 жылы Жартытөбе ауылдық жұмысшылар кооперативінде есепші, 1989 жылы Созақ аудандық кино көрсету мекемесінде есепші, «Қаратау» кинотеатрында есепші, «Бал-бөбек» балабақшасында тәрбиеші, 1997 жылдан аудандық ақпарат саласына келіп, аудандық телевизия хабары редакциясында есепші, аудандық «Молшылық үшін» газетінде, «Созақ теледидары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында, «Созақ үні» газетінде есепші болып 26 жыл көлемінде аудандық телеарна мен жергілікті басылымдарда еңбек етіп келеді.

Гүлжан апайдың әкесі Оразбек көкеміз 1936 жылы дүниеге келген. Жастайынан техника ролінде отырып совхоздың мал шаруашылығы, егін шаруашылығы саласында толассыз жылдар, бір тынбай еңбек етеді. Бар күш-жігерін, қажыр-қайратын отбасының бақыты мен өзі туып өскен ауылының гүлденуіне жұмсайды. Ауыл ішінде «Опытный Оразбек» деп қатарластары қалжыңдайды екен. Өйткені ол кісі кез-келген техниканың тілін біліп, автокөлік оталып тұрғанында қай жері сыр беріп тұрғанын мотордың дыбысынан біледі екен. Ал анасы Кеңескүл Жарылқасынқызы мектепте техникалық қызметкер болып еңбек еткен. Отбасында 9 қыз 1 ұл дүниеге келеді.

Балалардың үлкені Бейбіткүл Қызылорда қаласында тұрады. Математика пәнінің мұғалімі, жалғыз ұл бауыры Пердебек ағамыз электр маманы. Роза кәсіпкер, Ұлбике мұғалім, Ақнұр А.Сүлейменов мектебінде мұғалім, Гүлмира Н.Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялық мектебінде ұстаз, Нұргүл Шымкент

лығы, ата-ананың дұрыс тәрбиесі арқасында сондай жетістіктерге жете білді.

Гүлжан әпкеміз Қызылорда қаласына, одан Көкшетауға оқуға барарында әкесі Оразбек көкеміз біраз қарсы болады.

-Қарағым, жат жерге бара жатырсың. Үлкен әпкең болса да Қызылордаға барып, сонда оқып жүріп тұрмысқа шығып, қалып кетті. Оның өзі жылына бір келеді ме, келмейді



ма?! Біз болсақ бара алмаймыз. Жолы ұзақ, жері шалғай. Ал Көкшетау дегенің тіпті жердің түбі. Лажы болса ауылға кел. Үйден кіріп-шығып

жүріп жұмыс істе. Мен Рабкоптың бастығымен сөйлесіп қойдым-дейді әкесі қыз баласын алысқа жібергісі келмей. Әке өтінішін аяқ асты ете алмаған Гүлжан қыз сонау Көкшетаудан жұмыс табылып тұрса да елге келеді. Сондағы әкесінің қуанышты жүзі айтпаса да түсінікті еді. Әкелік көңілмен қызына шын пейілімен риза болып, ақ батасын береді. Әкенің ақ батасы деген ұлы да киелі қасиет десек жаңылыспаймыз. Сол әке батасы арқасында бүгінде жан жары Әбубәкір ағамызбен

екеуі бақытты шаңырақтың тұтқасына айналып отыр. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші әкесі мен анасының маңдай термен, адал еңбекпен тапқан кәсібі арқасында ұл-қыздары жаман болған жоқ.

-Әкем маған осы есепшілік салаға жұмысқа орналасқанымда «Біреудің ала жібін аттама, өкіметтің сынық сүйем затын алушы болма! Өтірік айтпа! Абыройлы болуға тырыс. Дүние, ақша қолдың кірі! Жейтін наның мен ішетін суың адалынан болсын. Қара су ішсең де уайымсыз іш!» деген сөзді жиі айтып отыратын. Сол сөз санамызға мықтап орнығып қалған. Әке сөзі, әке талабы, әке ақылы біз үшін заң болды. Ата-анамыздан қалған қасиетті қара шаңыраққа Пердебек ағамыз иелік етіп отыр. Жұбайы жеңгеміз екеуі үш қыз, бір тәрбиелеп отыр. Ата-анамызды, балалық шағымызды

сағынғанда ауылға бала-шағамызбен барып ағамыздың үйінде аунап-қунап жатып, демалып қайтамыз. Аға-жеңгем әке-шешемізді

Кей сәтте Гүлжан апайдың бөлмесіне бара қалсақ ауылдардан, аудан орталығындағы мекемелерден жас есепшілер келіп білмеген жерлерін сұрап жатады. Апай болса ерінбей, жалықпай түсіндіріп отырады.

Гүлжан әпкеміз отбасында Әбубәкір ағамыз екеуі Данияр, Мадияр, Мұзарт есімді ұлдары мен жалғыз тап гүлі, арпа ішіндегі бір бидайы Назерке атты қыздарынан Інжу, Көркем, Ажар, Айсезім, Заңғар, Әли, Санжар атты немерелерін сүйіп отырған берекелі шаңырақ иелері. Даниярдың өзі мемлекеттік қызметкер, көліншегі Айдана ағылшын пәнінің мұғалімі, Мадияр мал дәрігері, келіншегі Фариза мектепте лаборант. Назеркенің жолдасы Талғат-өндірісте жұмыс жасайды. Мұзарт студент.

Гүлжан апай өткен жылдың қортындысымен және газетіміздің тоқсан бес жылдығына орай Республикалық кәсіподақ комитетінің шешімімен «Озат қызметкер» медалімен марапатталды. Осы уақытқа дейін аудан әкімдерінің, аудандық мәслихат, «Созақ үні» газеті редакциясы басшылығының алғыс хаттарымен, Құрмет Грамоталарымен бірнеше рет марапатталған жан.

Әбубәкір ағамыз да бірнеше жылдар аудандық қаржы бөлімінде есепші, экономист мамандығы бойынша халыққа қалтқысыз еңбек еткен азамат. Қаржы саласының майталман маманы соңғы жылдары А.Жұбанов атындағы саз мектебінде есепші-экономист болып абыройлы қызмет ете жүріп Құрметті зейнет демалысына шығып, отбасының ақылшы ақсақалына айналып отыр.

Гүлжан апай сізді және сіздің отбасыңызды «Созақ үні» газеті ұжымы атынан асқаралы алпыс жасқа толған туған күніңізбен көтеріңкі көңіл күймен құттықтаймыз!

Дендеріңіз сау болып, елге абыройлы қызмет ете берулеріңізге, отбасында немерелеріңіздің шуақты күміс күлкісіне шомылып бақытты ғұмыр сүре берулеріңізге тілектеспіз!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фотоші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев